

20 Тамыз
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ НЕГЕ БАЯУ?

Бұл бәріміздің көкейімізде тұрған сұрақ. Күн өткен сайын қысқы қатынасты айтпағанда, келер жылы көктемде Биылғы күйімізге де зар боламыз ба деп ойлаймыз. Рас, ойылға кіреберіс жолдағы үлкен көпір құрылысы жүріп жатыр. Бірақ, қарқыны біз күткендегідей емес. Сондықтан, біз осы және басқа да аудандағы жолдың жайына орай сауалды Ойыл аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Айнат Қазмағамбетовке қойдық.



«Әрине, көктемгі су тасқынының салдарын бір-екі айда жойып, қалпына келтіру мүмкін емес. Алдымен көпірге байланысты айтар болсам, ең бірінші су тасқынынан кейінгі жағдай зерделенді. Арнаулы мамандары келді.

Солардың техникалық негіздемесі негізінде жаңа көпір салу туралы шешім қабылданды. Қазіргі таңда құны 4 194 млн. теңге көпірдің құрылысын бастау үшін көне көпірді бұзу жұмыстары жүріп жатыр. Сонымен қатар, көтергіш қранды орналастыру үшін көпірдің оң

қапталында арнайы алаң жасқалуда. Алаң жасақтаудың ұзаққа созылуының басты себебі – бұрын жазда кешіп өтетін жерлер көктемгі су тасқыны кезінде құмы көшіп, кейбір тұстары тоғыз метрге дейін тереңдеп кеткен. Қазіргі күні көпірдің бетіндегі плиталарды алатын қранды бөлшектеп әкеліп жатыр.

Ол қран осы жасақталған алаңның үстінде құрастырылады.

Содан кейін барып негізгі жұмыстар жүргізіледі. Қазіргі таңда осы көпірдің мердігері

«ТенгизСтройСервисГрупп» ЖШС-і қысқа дейін жаңа көпірдің үстімен қатынасты қамтамасыз етеміз деп уәде беріп отыр.

Жұрттың үкілі үмітін арқалап, келешекке деген сенімін нығайтып келе жатқан осы құрылыстың қарқыны көңілдегі күдікті сейілтер емес. Әрине, халықты көпірдің жайы алаңдатуы заңды. Ауданның күре тамыры саналатын көлік жолынан басқа қатынасы жоқ Ойыл үшін бұл көпірдің маңызын айтып жату артық. Өйткені, халықтың тіршілі-

гін қамтамасыз ету үшін салынған уақытша көпірге дейінгі жолдың жайы да мәз емес. Сондықтан, уақытша көпір үшін салынған жолдың бетін қатқылдандыру үшін қиыршық тас төсеу қолға алынғалы отыр.

Р.С. Енді он күннен көйін күнтізбе бойынша күздің айы басталады. Бірақ, биыл жаз бойы сан құбылған ауа-райы межелі жұмыстарды жоспарлы жүргізуге кедергі болмасын деп көпшілік жоқ!

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

САРАЛЖЫНДАҒЫ ҚОНЫС ТОЙЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ КЕМЕР АУЫЛЫНДА 2 ТҰРҒЫН ЖАҢА БАСПАНАҒА ҚОНЫС АУДАРДЫ. МҰНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС МАУСЫМДА БАСТАЛЫП, 2 АЙ 10 КҮНДЕ АЯҚТАЛДЫ.



Саралжын ауылдық округінің әкімі Марат Тәжіғалиевтің айтуынша, тасқын кезінде Бестамақ, Ақкемер және Кемер ауылдарында барлығы 23 үйге су кіріп, барлығы жарамсыз болып қалды. Маусымда үш ауылда құрылыс жұмысы басталып, Кемер ауылының бір, Ақкемер ауылының 2 отбасы аудан орталығына көшуге шешім қабылдаған. Бүгінде үш ауылда барлығы 20 үй салынды.

- Ақкемер ауылында 16 үйдің құрылысы жүріп жатыр. Оны келер аптада қолданыс береміз. Бестамақ ауылындағы үйді сенбі күні аяқтап, иелеріне кілтті табыстаймыз. Ал Кемер ауылында екі отбасы жаңа үйге қоныстанды. Ауылдағы адамдар біржолғы төлемді алды, мүлік шығыны өтелді. Ауылда үйді жөндеген ешкім жоқ. Су кірген үйлер тұруға жарамсыз болып қалды, - Саралжын ауылдық округінің әкімі Марат Тәжіғалиев.

Баспаналы болған Кемер ауылының тұрғыны Бекбол Жаниязовтың айтуынша, су үйге 28 наурыз күні кірген. Сол күні-ақ оның баспанасы құлап қалды.

- Біз үйіміз жарамсыз болып қалған соң пәтер жалдап тұрдық. Өзім ауылда су шаруашылығында слесарь болып жұмыс істеймін. Сон-

дықтан үйдің де осы ауылда салынғанын қаладым. Бізге кеше баспанамыздың кілтін табыс етті. Құрылыс жұмыстары кезінде күнде қарап, көріп жүрдім. Үйім жақсы, құрылысы көңілмен шықты. Бұрынғы үйімнің де ауданы 80 шаршы метрдей болатын. Ол бірақ саманнан салынған, - деді Бекбол Жаниязов. Сондай-ақ оның көршісі Дархан Хасенов те баспаналы болды.

- Отбасында үш жанбыз. Қаладан ауылға 2012 жылы көшіп келіп, бір жылдан соң шаруашылық аштым. Асыл тұқымды ірі қара бағып отырмын. Ауылға түн ішінде су кіріп, тек бір киіммен ғана шығып үлгердік. Содан тұма-туыстың, таныстың үйін жағалап, шаруашылық басына көшіп кеттік. Қазір де сондаймыз. Жаңа үй кеше ғана берілді. Құрылысы жақсы жүргізілген, сапалы. Биыл электр тоғы арқылы жылытамыз, ал келер жылы газ беріледі деп үміттеніп отырмыз, - деді ауыл тұрғыны Дархан Хасенов.

Тасқын кезінде 17 бас ірі қара мен жылқы шығыны болды. Шаруа шығынының бір бөлігі өтелген. Еске салсақ, Ойыл ауданында 328 үйге су кіріп, оның 307-сі апатты деп танылды. Ауданда барлығы 176 үй салынып жатыр.

КЕЗДЕСУДІҢ АРҚАУЫ – АУЫЛ КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМУТҒА КӨМЕК

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ «АТАМЕКЕН» КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ДИДАР БОРАНҚҰЛОВ ПЕН «АҚТӨБЕ» ӘКК АҚ-НЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ ӘУЕЗ ТАЙЫМБЕТОВ ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ «АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖҰМЫС ЖАСАП ЖАТҚАН КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.



Кездесу аясында Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Нұржау Тұрғамбеков кездесудің мақсат-міндеттерімен таныстырды. Өйткені, кездесуге аудандағы «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы кәсібін бастап, игілігін көріп отырғандармен бірге ауылдық округ әкімдері, өңірлік кәсіпкерлер палатасының агроөнеркәсіп кешенінің бөлім басшысы Данабек Ержанов пен аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Ақмарал Есба-

тырова мен аудандық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы филиалы директоры Жасұлан Ержановтар қатысты. Аудан әкімдігінде өткен тұрғындармен кездесу барысында «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясындағы несиелеу мәселелері талқыланды. «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы басқарма төрағасы Әуез Тайымбетовтің айтуынша, «Ауыл аманаты» жобасы ауылдағы жұмыссыздықты жоюдың, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың мате-

риалдық жағдайын түзеудің және отбасылардың табысын көтеретін керемет мүмкіндік. Сондай-ақ, мемлекет қаржысы есебінен өзін ет-сүт өнімдерімен, көкөністермен, құс етімен, жартылай фабрикаттармен, жұмыртқалармен қамтамасыз етіп қана қоймай, адамдарды жұмыспен қамтып, оларға ақша табуға жол ашатын бірегей жоба. Оның үстіне қарыз қаражатын қайтару Қазақстандағы ең тиімді қаржылық жағдайлар бойынша жүріп жатыр. Жоба

адамдарды, әсіресе жастарды ауылда тұрақтандыруға арналғаны маңызды. Ойыл ауданының ерекшелігі — оның экономикасы негізінен мал шаруашылығы мен қызмет көрсету саласынан тұрады. Жыл сайын жобаға қатысушылардың саны бірқалыпты артып келеді. Ауыл тұрғындарына жер учаскелерін немесе үйлерді ресімдеуге қатысты мәселелерді шешуге құжаттар жөнінен де көмектеседі. Бұл ретте ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруға айрықша көңіл бөлінуде, өйткені олар ауыл проблемаларын шешетін болады. Біз «Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы жеңілдікпен несие алған қарыз алушылармен кездестік. Мәселен, көп балалы ана Әсел Өтениязова туған ауылында кілем тазалау ісін қолға алған. Қазір отбасылық бизнес тұрақты табыс түсіруде. Кәсіпкер 4,1 миллион теңгеге кілем бұйымдарын жуу және құрғату үшін жабдықтар сатып алған. Қызмет құны — әр шаршы метр үшін 600 теңге. Оның ауылдасы Айым Бітібаева ойыл селосында әсемдік салонын ашты. Шаштараз өз бизнес-жобасына 6,7 миллион теңге салтты. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша жергілікті

тұрғындардан жалпы сомасы 962,2 миллион теңгеге барлығы 201 өтініш қабылданған. Оның ішінде 188 адамның жобасы қолдау тауып, 174 жоба бойынша 737,4 миллион теңге мөлшерінде қаржы бөлінді. Қазіргі уақытта комиссияның қарауында 123,4 миллион теңгеге 15 жоба бар. "Мемлекет басшысы ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті дамытуға аса назар аударып отырғандығы баршамызға белгілі. Әсіресе мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлеріміз шалғай ауылдарда, тіпті ауыл сыртында орналасқан. Осы орайда, олардың кәсіптерін әрі қарай дамытуды қолдау мақсатында біз аудан орталықтарында кездесулер ұйымдастырып, оған барынша ауылдық елді-мекендерді қамтуға тырысып келеміз. Жиынға келіп, өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алған кәсіпкерлер де бұндай кездесулердің олар үшін аса қажет екендігін және жиірек өткізіліп тұруын ұсынды. Біздің басты мақсатымыз - кәсіпкерлердің проблемалық мәселелерін анықтап, жұмыс жасау", - деді кездесуде «Атамекен» ӘКП директоры Дидар Ержігітұлы. Кездесуде кәсіпкерлер тиісті органдарға "Ауыл аманаты" бағдарламасы аясында

бірқатар мәселелерді көтеріп, ұсыныстарын білдірді. Дидар Ержігітұлы көктемгі су тасқыны кезінде зардап шеккен Екпетап ауылының жас кәсіпкері Ақерке Күзенқұлованың жұмысымен танысты. Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасы тарапынан көрсетілген көмегі үшін Ақерке алғысын білдірді. Өйткені, ол көктемгі су тасқынынан кейін аудандық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы филиалына жүгініп, көмек сұраған еді. Палата директоры Дидар Ержігітұлының қолдауы арқасында де-меушілердің көмегімен жас кәсіпкерге шаштараз қызметін көрсету үшін қажетті жабдықтарын алып беруге ұйытқы болған еді. Ақерке қазір өз кәсібін Ойыл селосында жалғастырып отыр. Сапар аясында палата директоры Дидар Боранқұлов Ойыл ауданы кәсіпкерлер кеңесі мүшелерімен кездесіп, кезекті кеңес отырысын өткізді. Кездесу барысында директор кеңес мүшелерімен алға қойылған жоспарларымен танысып, бірқатар ұсыныстарын айты. Мұндай кездесулер бизнес өкілдерінде туындайтын мәселелерді саралап, кәсіпкерлерлікті дамыту жолында кездесетін проблемаларды шешуге мол мүмкіндік береді.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2024 жылдың 14 тамызынан бастап 29 тамызға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;
- 3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2024 жылдың 29 тамызға дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін. Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға – Мусин Алмат Жалғасұлы, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-775-260-71-70 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Учаскелік сайлау комиссиясының номері	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№ 395	1
№ 397	1
№398	1
№ 400	1
№ 569	1
№406	1

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов окружных, участковых избирательных комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 14 августа по 29 августа 2024 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан». Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 29 августа 2024 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул. Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Мусин Алмат Жалғасұлы, междугородний телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 87059182896, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

Номер участковых избирательных комиссии	Число вакантных мест
№ 395	1
№ 397	1
№398	1
№ 400	1
№ 569	1
№ 406	1

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ЗАМАН ІНДЕТІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ — ЗАМАН АҒЫСЫМЕН БІРГЕ ӨСІП-ӨРКЕНДЕП, МОЛ ҚАРАЖАТ ЖӨНЕ ҚОҒАМДЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК ПАЙДА БОЛҒАН ЖЕРЛЕРГЕ ТАМЫРЫН ЖАЙЫП, БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖОЙЫЛМАЙ ОТЫРҒАН КЕСЕЛДІН БІРІ. БҰЛ КЕСЕЛ ДАМУШЫ ЕЛДЕРДЕГДЕЙ БІЗДІҢ ЖАС МЕМЛЕКЕТІМІЗГЕ ДЕ ОРАСАН ЗОР НҰҚСАН КЕЛТІРІП ОТЫР.



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Өсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой

алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін танытатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Сыбайлас жемқорлық әре-

кеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады.

Талғат РЫСҚАЛИЕВ,
Аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» СЕРВИСІ EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Енді ҚР азаматтары eGov Mobile мобильді қосымшасында «Таза Қазақстан» жаңа сервисін пайдалана алады. Функция әрбір қазақстандыққа смартфонның көмегімен өз қалаларын абаттандыру және экология мәселелері туралы хабарлауға мүмкіндік береді. «Таза Қазақстан» сервисінің көмегімен eGov Mobile қосымшасының пайдаланушылары проблемаларды фотосуретке түсіріп, әрі қарай шешу үшін жауапты құрылымдарға ақпарат бере алады. Пайдаланушыларға жолдардың, саябақтардың, кіреберістердің, жарықтандырудың, сондай-ақ қоғамдық және жеке аумақтардың санитарлық жағдайына қатысты мәселелердің кең ауқымы бойынша өтінімдер қолжетімді. Өтінім берілгеннен кейін барлық ақпарат операторға жергілікті атқарушы органнан келіп түседі, ол оны жіктейді және орындаушыны тағайындайды. Өтінім санатына байланысты орындаушы тапсырманы



орындауы тиіс уақыт автоматты түрде белгіленеді. Орындаушы жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша фотосуретпен және түсініктемемен кері байланыс береді. Өтінім орындалғаннан кейін пайдаланушы орындалған жұмыстың сапасын бағалай алады және бұрын берілген барлық өтінімдерді көре алады. Сервис іске қосылған сәттен бастап қазақстандықтар <https://tazaqazaqstan.kz/> сайты және @TazaQazBot телеграм-боты арқылы 1500-ден астам өтінім берді. Сервисі

eGov Mobile қосымшасымен біріктіру өтінім беру процесін одан да жеңіл әрі қолжетімді етеді. eGov Mobile қосымшасының жаңа функционалы Экология министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды. **Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,** «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

СЕРВИС «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ДОСТУПЕЧ В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ

Теперь граждане РК могут воспользоваться новым сервисом «Таза Қазақстан» в мобильном приложении eGov Mobile. Функция позволяет гражданину Казахстана сообщать о проблемах благоустройства и экологии своих городов с помощью смартфона. С помощью сервиса «Таза Қазақстан» пользователи приложения eGov Mobile могут фиксировать проблемы на фото и передавать информацию ответственному структурному подразделению. Пользователям доступны заявки по широкому спектру проблем, связанным с состоянием дорог, парков, подъездов, освещением, а также санитарным состоянием об-

щественных и частных территорий. После подачи заявки вся информация поступает к оператору от местного исполнительного органа, который классифицирует её и назначает исполнителя. В зависимости от категории заявки автоматически устанавливается время, в течение которого исполнитель должен выполнить задачу. По итогам проведенной работы исполнитель предоставляет обратную связь с фотографией и комментарием. После исполнения заявки пользователь может оценить качество выполненных работ и просмотреть все ранее поданные заявки.

С момента запуска сервиса казахстанцы подали более 1500 заявок через сайт <https://tazaqazaqstan.kz/> и телеграм-бот @TazaQazBot. Интеграция сервиса с приложением eGov Mobile делает процесс подачи заявки еще доступнее и проще. Новый функционал приложения eGov Mobile был запущен благодаря совместной работе Министерства экологии, Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК и АО «Национальные информационные технологии». **Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,** Управление по связям с общественностью АО «НИТ».

МАҒЫШ АЯТХАНУЛЫ.

КЕТПЕС — БІРЫСТЫҢ КЕТПЕСІ

Бәйге басталатын межелі жерге таяған кезде балалардың барлығын тайларынан түсіріп, дәрет сындыртып жеңілдеп алуына мұрша берілді.

Тайлар топтасып қайда бара жатқандарынан бейхабар. Бәйгеге қосылып үйренген екі аттар сияқты тыпырышып, жанындағысын тістеп, теуіп, тұяғымен жер тарлып, ала қашу дегенді сезер емес, қаннен-қаперсіз жайылатыны жайылып, қасынатыны қасынып тұр.

Топ адам жатаған төбенің үстіне шығып, дүркіреп шауып келе жатқан тайларды тамашалап отыр. Қанша дегенмен жылқы баласы емес пе, ал дегенде тайлар бір-бірінен қалмай топтасып шығып, жер ортасынан асқаннан кейін аралары алшақтап сирей шабууда. Көмбеге жеткен тайларды келген рет-ретімен шапқан балаларына ұстаып қатарластырып тұрғызып жатыр. Алдыңғы оның ішінде келген балалардың қуанышында шек жоқ, беттері бал-бұл жанып, көздері күлімсірейді. Ал, он бірінші болып жеткен бала тайының мойнына басын тіреп жылап тұр, енді одан айырылып қалатыны даусыз. Кейіндеп келген шабандоздардың барлығының сүлкіндері түсіп, жүздері күңкілдеп кеткен. Іштерінен «әттеген-ай» деп қынжылып тұрғандары айтпай-ақ байқалады.

Тайларын тізгінінен ұстап қаз қатар тұрған балалардың алдына Ұлтекең шығып, барлығын көзімен шалып қарап, жыммып тұрып:

- Балаларым, барлықтарың жақсы жарысып келдіңдер, тайдан жығылған жоқсыңдар. Тайларының жүрік екенін көрсеттіңдер. Тай деген жас сәтін сияқты, бәйге дегенді білмейді, алғаш рет жарысқа түсті ғой. Кейіндеу келгендерің ренжімеңдер, келер жылы көресіңдер, алдына жылқы түспес нақтылы өрен жүріктер солардан шығады, — деп балалардың көңілін аулап тастады. Енді байкең «алдымен келген он тайдан басқаларының жүгенін сыпырыңдар, жылқыға қосамыз!» дейтін шығар деп ұлдардың жүрегі дүрсілдей бастады.

Ұлтекең олардың «тайдан айырылатын болдық» деп сүлкіндері түсіп, қынжылып тұрғандарын әлдеқашан сезген. Құндыз бөркін сол қолымен басынан алып, сақалын оң қолымен тарамдап сипап, өзіне тура қарай алмай жасқаншақтап, төмен қарап тұрған жас өспірімдерге:

- Тайларыңның барлығы өздерінде қалсын, ат болдырып мініңдер! — деп тосын сый жасады.

Балалар күлерін де, жыларын да білмей, күнәсіз жастық сезіммен Ұлтекеңе қарай берді, қарай берді.

Бір сәттен кейін барлығының жүзіне қуаныш үйіріліп, батылдау біреуі:

- Ата, байеке, рахмет сізге, көп жасаңыз! — деп еңіреп жіберді. Тай бәйгесі болған, артынша байкең, мініп жарысып келген тайларын балалардың өздеріне сыйлаған жерді көпке дейін ел «Тай берген» деп атап кеткен еді. «Анаңнан туып қаз тұрып, жер бетінде бір аттағаның өлімге бір қадам жақындағаның» деп ғұлама ойшылдың

айтқаны еске түседі. «Бай да өлген, батыр да өлген, патша да өлген, өлмейтін бір де жан жоқ ажал жеткен» деп ұлы Абай да бұл жалғанның опасыз екенін жадыға салып жырлап өткен.

Өмір деген көрген түстей ғана, қамшының сабындай қысқа ғұмыр екені Ұлтекең байды да айналып өткен жоқ. Өр Алтай мен Қобда бетінде байлығымен, дәулеттілігімен және жомарттығымен әйгіленген бай-манап бұл жалғанмен қоштасып, бахилыққа өткеніне бір жыл таяяп қалған кез.

Бұл бір мың тоғыз жүз жетінші жылдың жазы. Байдың мүрдесін қарақұрым елі болып жылып өзінің құтты қонысы, байырғы мекені Жыланды өзенінің бойына тапсырады.

«Марқұмның жамылған топырағын мал басып таптап шашпасын, жауын ерітіп ағызбасын, жел үрлеп ұшырмасын» деген ниетпен оның сыртынан ағашпен қоршаған еңселі, күнбезді қорған тұрғызады. Қорғанның ағашын кесіп дайындау, қалап қабырға болдырып жинау ісін арғы беттен арнайы шақырылып келген басқа ұлттың мұсылмандар тобы атқарғаны туралы ел аузында күні бүгін айтылады.

Жылқының майына қайнатылған ағаштан тұрғызылған, жалғыз шеге де қағылмаған қорған күн мен желге, қар мен жауынға төтеп беріп келеді. Төрт бұрышына сән келтіріп, құлақ шығарып жасалған қорған беріктімен ғана емес сәулеттілігімен де айрықшаланады, ат шаптырым жерден мен мұндалап шақырып тұрғандай әсер қалдырады. Цэнгэл өлкесінде алыстан көзге түсіп, ерекше байқалатын қабірлер аз емес. Қобда ішін өрлеп Келікейдің тұсына келгенде өзеннің арғы жағындағы биік қабақ үстінде көтеріңкі жасалған тас бейіт бар.

Онда менің ұлы бабам Алдайұлы Сырымбеттің сүйегі жатыр. Мешіт сайдың ішіндегі сыртынан ағашпен жеке-жеке қоршаған, күмбезді қабірлер де өзгелерден тым ерекше сәулетті көрінеді. Мұнда саңырау руының игі жақсысы мен жайсаңдарының мүрдесі қойылған. Басқы Есікте үстіне ақ тас қойылған көлемді тас қабір Алдайұлы Қазының мәңгілік мекені. Ақ тасты туған жері Өр Алтайдан өгізге тиеген арбаға артып әкелген деседі.

Мың шұңқырдың көл жақ бергі шетінде жәдік атаның айтулы тұлғасы Кенен асақалдың сүйегі жатқан бейіт қараңдайды.

Жыланды өзенінің жағасындағы аумақты жасаңда қаз-қатар тігілген ақшаңқан үйлер алыстан көз тартады. Мұнда Ұлтекең байдың о дүниелік болғанына бір жыл толуына арналған ас беру уақынының шаралары қауырт басталып, дамылсыз қимылдап жүрген әйелдер мен еркектер. Тігілген үйлердің тұсында, өзеннің арғы жағасында қосу белгісі бейнесінде ұзын жерошақ қазылған. Оның үстіне тай қазандар қойылып, ет пісіріліп жатыр. Ас беруге еркек қойлардың сыртында қара сәуіріктің үйірі айдалып келіп сойылған. Үйірдің ішінде тоғыз қара құлын болған. Оның біреуі ұстатпай қашып кеткен. Сегіз құлынның терісінен байдың

ұлы Шікей жарғақ тіктіріп киген деген сарын құлақтан құлаққа шалдығып, бүгінге жеткен. Ал ет қайнатқан жер ошақтың сұлбасы өшкен жоқ, әлі күнгі дейін анық көрінеді. Науқанға қатысушылардың шоғырында қисап жоқ қара нөпір. Алды Өр Алтайдан, арты Жалғыз ағаш, Шегіртай, Қызылқия, Дайыннан келгендер. Оның үстіне Ақсу арасына мен Қорымдықтан бергі өлкеде жайлап отырған ағайын-туыстары, құда-құдандалдары, нағашысы мен қайын жұртының адамдары да тай-тұяғы қалмай жиналған.

Әуелі қонақтарды өзен жағасындағы жасаңға жинап, аруақтың рухына бағыштала тын діни жол-жоралғыларға қатысууды сұрады. Жасаңға төселген түрлі түсті ойыстырылған және оюы таспамен бастырылған неше түрлі сырмақтардың үстіне ақ сақалды аталар мен ақ жаулықты әжелер жайғасқан. Олардан кейін атақ-даңқ, мәртебесі мен жасына қарай төрт-бес қатар болып қонақтар өз-өзінің орындарын тауып отырып, Шы барқыт ұзын шапан киген, сәлдесі жауырынын, ақ сақалы кеудесін жапқан имам қолын жайып бата істеп, Ұлтекеңнің аруағына бағыштап сыңғырлаған дауыспен құран оқыды. Діни дәстүр ары қарай жалғасып, марқұмның балаларының, ағайын туысқандарының және нағашысы мен қайын жұртының арнайы аудартып әкелген құран хатымдары түсірілді. Құран оқылып, бата істелген сайын тым-тырыс тыңдап отырған жұрт «әумин, қабыл болсын» айтып беттерін сипайды.

Бұдан екі күн бұрын Ұлтекеңнің бейбішесі, өзінен әрбір үрім-бұтағы, жақын ағайындары және қайын жұрты мен нағашы жағының өкілдері марқұмның қабірінің басына барып түнеп қайтқан. Өзен жағасына үй тіктіріп, марқұмға бағыштап мал шалып, құран дұға оқып, аруағына ізгі ниеттерін білдіріп, құрмет көрсеткен. Биыл әдейі аруақтан алыстамай жасын жайлап, ас беруінің себебі де осы науқанға байланысты еді. Діни рәсімдер рет-ретімен орындалып болып, оған қатысушы көпшілік орындарынан тұрып, өздеріне арналған үйлерге еніп, орныға бастады.

Қонақтар да бұрынғыдай емес етене жақын танысып, еңгіме дүкен құрып, үйдегі тым-тырыс жағдай ада болды. Сарлықтың қою сүтін қосып, қаймақ салған бояуы қанық шайды қонақтар қашан ішіп, маңдайларынан тер шықты. Енді қарақұрым халық үйде қалғысы келмей, сыртқа шығып салқындап, ұйымдастырылып жатқан балуан күресі мен балалардың жаяу жарысын қызықтай бастады.

Балуандар кеуде киімдерін шешіп, беліне қайыс белбеу буып, нақтылы қазақ күрес өнерін көрсетуде. Екі қарсылас бір-біріннің белбеуін екі қолымен қоянқолты ұстағаннан кейін әдіс істеп жауырынын жерге тигізіп жығу керек. Сонда ғана «жыққанға есептелінеді» деген қағида ұстанылуда. Бір кезде монгол балуан күреске киетін арнайы ұлттық киімін киіп ортаға шықты. Тойшылардың көбі таң қалып, кейбіреуі екі езуін жия алмай күліп жатты. Оған күресу-

ге рұқсат берді. Ол қарсыластарын түгелдей жығып, ең соңғы қазақпен күш сынасу ғана қалды. Қазақтар оған «үстіңдегі шолан-шошырақ киімдеріңді шешіп, шалбар киіп, белбеу буын» деп қарсылық көрсетіп айғайлап қояды.

- Шешпей-ақ қойсын, осы қалпында күрес берсін! — деп, онымен күресетін қазақ балуаны ортаға шықты.

Бұл аста берілетін бәйге қомақты еді. Озып келген сәйгүлік пен қарсыластарын түгел жыққан түйе балуанға қысырақтың үйірі бастаған, жамбы, бұлғын қостаған жұлде табысталатыны туралы ай бұрын жар салынып, сауын айтылған болатын. Осыны естіген қазақ, монгол жұртының ат бапкерлері мен күреске үйір балуандары асқа қатысып, бақтарын сынап жатқаны жасырын емес-ті.

Қазақ балуан оң қолын монгол қарсыласының сол қолының үстінен асырып, ал сол қолын оның оң қолтығына астынан жүгіртіп шоллақ кеуде киімінің етегінен мықтап ұстады. Монгол жігіт те қарсыласының белбеуін екі қолымен мытып ұстап, саусақтарын шықпастай етіп жұмды. Екеуі сүт пісірім уақыт жығыса алмай, бірнеше рет айырылысып, қайта-қайта ұстасып күресті. Бір сәтте монгол оң аяғымен іштей шалып, кеудесімен итеріп, қазақтың денесін артына қарай ауытқытып бара жатты. Қазақ балуанын қолдаушылардың жаны мұрынының ұшына келіп, «алла, алла өзін жар бола көр» деген сөздер анық естіліп қалды. Сол-ақ екен қазақ жігіт денесін тіктеп, кеудесін кере ауа жұтып, дамылдап алды да, қарсыласын жерден «ұф» деп көтеріп, айналдыра үйіріп жауырынымен майсаға шалқасынан түсірді. Қызба біреулер «Жанат, Жанат» деп ұран шақырып, орынынан атып тұрып балуанға қарай жүгірді. Бұл түйе балуан жәдік рулы Бұтан есімді жігіт еді.

Күрес бәсекесі аяқталып, асқа қатысушылар есік алдына келіп, қариялар серке мүйіз ұзын қынынан сар мойын пышақтарын шығарып жуып, қолын шайып, су құйып, орамал ұсынған жас өспірімдерге батасын беріп, төрге салынған сырмақтарға жетіп жайғасып жатыр. Кешікпей төрт бес кісінің ортасына үйме табақ ет қойылып, бата істеліп, ас желіне жасалды. Семіз жылқы мен қойдың етін жегендей-ақ жеп отыр, таусып жеуге ас қазан мұрша беретін емес елде қашан тояттап қалған.

Желінген мол еттің артынан сорпа құйылған кеселер қолдан қолға жалғасып, үлкендерге ұсынылып жатыр. Сорпа ішіп бола бергенде «құнан», «дөнен» қымыз үлкен қайың шараларға құйылып қонақтардың қолына тиді. Жасы үлкендер мен әйелдер «құнан» қымыздан, жігіт-желең, жастар жағы «дөнен» қымыздан артығырақ сіміріп, шараларын екіден үш қайта толтырты.

Сырттан біреу: - Ат бәйгесі басталады, жүріктеріңізді шығарып, айдаушығы тапсырыңыздар! — деп айғайлап тұр. Бұны естіген ат бапкерлері шабандаз балаларын ерте отырған орындарынан тұрып шыға бастады. Үйлерде бір сәт тыныштық мүлгіп, ет

пен қымызға тойғандардың кейбіреулері керегеге сүйеніп, көбі отырған жерлерінде бір жағымен жантая кеткен. Алайда бұлардың осылай рахаттануына жол берілмеді, сыртта күй шертіп, ән шырқау басталып кетті. Қонақтарды сыртқа шығып өнер иелерінің тамылжыған әнін естіп, құйқылжыған күйін тыңдап тамашалауға шақырды. Жыраулар жыр тиегін ағытып, күйшілер күй сандығын ашып, ақындар марқұмға арнаған өлеңдерін оқып жұрттың көңілін көтеріп тастады.

Асқа келгендер тоя ет жеп, кекіре қымыз ішіп, тамылжыған ән мен құйқылжыған күйді тыңдап, мейірлері қанып, пейілдері кеңіп бір жасап қалды. Күйші, өнші, жырау, ақындарға «өнерлерің үстем болсын, тәңір жарылқасын» айтып, ықыластарын үйіп-төгіп, баталарын беріп жатты. Ұлтекең марқұмға ас беру науқаны ойдағыдай өтіп, бала-шағалары, көрші-қоландары мен іргелес отырған ауылдастары ат жарысынан қайтып үйді-үйлеріне оралып, мінгендерін желіге байлап жатыр. Дөңнің үстінде осының барлығын көзінен таса қылмай қарап отырған, жасы сексеннен асқан ақсақал орынынан тұрып:

- Өй, қарақтарым, түгелдей менің қасыма келіндерші? — деп айғайлап қолын бұлғады. «Бұл абыз ақсақалға не болып қалды екен?!» деген оймен үйдің жанында тұрғандар асығы-үсіге қарияға жетті. Қария қолымен отырыңдар деген ишырат білдірді де:

- Балаларым, ана үйлердің есігінің алдында, жерошақтардың қасында үйіліп қалған шала мұжылған сүйек-сааяқ, бас-сирақ, желінбеген өкпе, бауыр, ішек-қарын, ит жұлмалаған тері-терсектерді көрдіңдер ме? Оларды жей-жей иттер де тойған, қарағысы келмей жан-жаққа кетіп қалған. Астың кепіреті атады, жердің де киесі бар ашу шақырады, тез барып шұңқыр қазып, астың қалдықтарын түгелдей соған салып көміңдер! Содан кейін осында қайтып келіндер! — деп өктем сөйледі.

Абыз қарияның «кепием атады, кие ашу шақырады» дегенін естіп, шошыңқыраған топ адам дереу жерді қазып, көлемді шұңқыр жасады да оған ас қалдықтары мен тері-терсектерді түгін қалтырмай жинап әкеп салып, үстің топырақпен қалың бастырып жауып, қарияға қайтып келді.

Қария жүресінен отырып, ішінен күбірлеп бетін сипады, құран оқып бата жасады. Осыдан кейін маңайында отырғандарға көзін тіктеп, дауысын қатайтып:

- Ұлтекеңнің байлығы мен дәулеті елдің қазынасы, халықтың ырысы. Қазынамыз бен ырысымыз бейберекет шашылып қалмасын! Осыдан былай осы ас берген аумақты «Кетпес» деп атайық. Байлығымыз бен ырысымыз кетпесін, әумин, — деп батасын берді.

Содан бері қаншама жыл өтті, қаншама буын ауысты, сол жер бүгінге дейін «Кетпес» атауын жоғалтпай келеді. «Кетпес» — ырыстың кетпесі.

қуанып, мәз-мәйрәм болып қалысы.

Ас беру науқаны тарқап, қарақұрым қауым келген бақтарына қарай аттанып, бытырай бастады. Балуан мен ат бәйгесін қанжығасына қатар байлаған Бұтанның көңілі өсіп, жүзіне күлкі үйілген, бұл маңда өзінен басқа бақытты жан жоқ сияқты сезінеді.

Жирен төбелдің бәйгесінен қара қасқаны ауылының жасы үлкен қариясына сыйға тартып батасын алды. Тағдыр оның басына қандай тауқымет тартқызатыннан хабарсыз, «дәриға, дәурен» әнін естілер, естілмес ыңылдап айтып барады. Астан кейін үш айға жетпей есіл ер өмірден өткені туралы жаман хабар ауылдан ауылға жетіп жатты. «Марқұмға аста сұқ қадалып, тіл тиген екен» деген қаңқу сөз желдей есіп, елден-елді шарлап кетті.

Ұлтекең марқұмға ас беру науқаны ойдағыдай өтіп, бала-шағалары, көрші-қоландары мен іргелес отырған ауылдастары ат жарысынан қайтып үйді-үйлеріне оралып, мінгендерін желіге байлап жатыр. Дөңнің үстінде осының барлығын көзінен таса қылмай қарап отырған, жасы сексеннен асқан ақсақал орынынан тұрып:

- Өй, қарақтарым, түгелдей менің қасыма келіндерші? — деп айғайлап қолын бұлғады. «Бұл абыз ақсақалға не болып қалды екен?!» деген оймен үйдің жанында тұрғандар асығы-үсіге қарияға жетті. Қария қолымен отырыңдар деген ишырат білдірді де:

- Балаларым, ана үйлердің есігінің алдында, жерошақтардың қасында үйіліп қалған шала мұжылған сүйек-сааяқ, бас-сирақ, желінбеген өкпе, бауыр, ішек-қарын, ит жұлмалаған тері-терсектерді көрдіңдер ме? Оларды жей-жей иттер де тойған, қарағысы келмей жан-жаққа кетіп қалған. Астың кепіреті атады, жердің де киесі бар ашу шақырады, тез барып шұңқыр қазып, астың қалдықтарын түгелдей соған салып көміңдер! Содан кейін осында қайтып келіндер! — деп өктем сөйледі.

Абыз қарияның «кепием атады, кие ашу шақырады» дегенін естіп, шошыңқыраған топ адам дереу жерді қазып, көлемді шұңқыр жасады да оған ас қалдықтары мен тері-терсектерді түгін қалтырмай жинап әкеп салып, үстің топырақпен қалың бастырып жауып, қарияға қайтып келді.

Қария жүресінен отырып, ішінен күбірлеп бетін сипады, құран оқып бата жасады. Осыдан кейін маңайында отырғандарға көзін тіктеп, дауысын қатайтып:

- Ұлтекеңнің байлығы мен дәулеті елдің қазынасы, халықтың ырысы. Қазынамыз бен ырысымыз бейберекет шашылып қалмасын! Осыдан былай осы ас берген аумақты «Кетпес» деп атайық. Байлығымыз бен ырысымыз кетпесін, әумин, — деп батасын берді.

Содан бері қаншама жыл өтті, қаншама буын ауысты, сол жер бүгінге дейін «Кетпес» атауын жоғалтпай келеді. «Кетпес» — ырыстың кетпесі.

Көкшетау қаласы, 2020 жылдың қараша айы. adebiportal.kz (Соңы. Басы келесі санда.)

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл
Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Тараымы 1206 дана. Тапсырыс 1059 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ДЕНІ САУ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ
 БАРША ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ СПОРТ КҮНІН АТАП ӨТЕДІ. БҰЛ ҚАЗАҚ СПОРТЫНА ДЕГЕН ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТ ПЕН ҚОЛДАУДЫҢ БЕЛГІСІ.



Елімізде әр қазақстандықтардың дене шынықтыру мен спортпен айналысуына барлық жағдай жасақталуда. Жыл сайын біздің өміріміздегі спорттың рөлі ұдайы артып келеді. Миллиондаған қазақстандықтар үшін спортпен шұғылдану - тек жеңістер мен рекордтар ғана емес, ол денсаулықты сақтаудың қайнар көзіне айналып отыр.

Осыған орай, ауданымызда да бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, ауыл спортшыларының жетістіктерін көтеру мақсатында көптеген спорттық іс-шаралар өткізіліп келеді.

Өткен жұма күні ауданымызда спорт мерекесіне орай "Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы орталық саябақта" "ДЕНІ САУ ҰРПАҚ-ҰЛТ БОЛАШАҒЫ" атты спорт күні кәсіби мерекесі аталып өтілді.

Мерекелік шара шерумен басталды. Аудан әкімі А.Қазыбаев спорт күні кәсіби мерекесімен барша спорт жанашырларын құттықтап,

ауданымызда спортқа ден қойған адамдар саны жылдан жылға арта түсуін, олар Республика көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде де, мақтанарлық нәтижелерге жетіп жатқанын, жасөспірімдердің де спортқа ден қоюы көңіл қуантатын баса айтты. Сонымен қатар мерекемен аудан тұрғындарын спорт ардагері Ж.Убняйымов және халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бір спортшы өлем чемпионатының күміс, қола жүлдегері А.Балтабаев сөз сөйлеп, құттықтады.

Спорт кәсіби мерекесіне орай бұқаралық спорттың дамуына зор үлес қосқаны үшін Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Е.Гончаровтың алғыс хаты табыстылып, бірқатар спорт ардагерлері, үздік спортшылар мен ауданның спорт саласын дамытуда еңбек етіп жүрген азаматтар наарапатталды.

Кеш аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты.

ҚОЙДЫҢ ТІСІН НЕГЕ ҚАҚҚАН?

Ежелден бабаларымыз генетикадан, анатомия, гигиена - жалпы адам ағзасы мен жан-жануардың бітімінен мол хабардар болған. Ғылыми негізде білімдер болған деуге әбден болады. Генетика дегеніміз шежірені толықтырып, қанды бұзбай, ұрпақтарды дүниеге сау әкелу деп білсек, мал мен аң, құстың етін, мүшелерінің асқақ татитын және зиянды, кесірлі, арам тұстарын жақсы ажырата алуы - гигиена, санитария салаларын өмірлік тәжірибесінде толық игергенін дәлелдейді. Үйде мал сойылғанда бала кезімізден көзімізбен көріп, қолмен ұстап, қасапшының, анамыздың айтқан түсініктемелерінен құлағымызға сіңген ақпаратты айтайын. Мысалы, шикі еттің безін әдейі тауып, сылып тастап қана қазанға салады. Тіпті жіліктеген бойда безден тазартады. Бездің ең үлкені - талақ. Орысша - селезенка. Иманды болсын, Шегебай жездеміз қойды сойып, терісін сыпырарда сирақтарын бізге бір-біреуден асырап беріп, бізге бір-біреуден өкпе-бауырларын келіншектерге аршып, қанды қуырдақ пісіруге беріп жіберіп, әлгі талақты дәу ұсына салып, сарайдың төбесіне жалп еткізіп, бізге қарап: "Мынау - талақ, оны жеуге болмайды. Арам нәрсе, тастау керек" деп қадап айтатын. Ұйқы безін де (поджелудочная железа) тамаққа салғанын көрмеппін. Бас пен сирақтарды Шегебай аға аса мықты шеберлікпен сексеуілдің шоғына даладағы ошақта үйітетін. Күйе мен қанды жуып, жақты айырып, тісін қағып, тұяқтың қалың қабын сыпырып тастап келіп, асуға беретін.

Ондайда айырдың жақсысын дайындап, күтіп отыратынбыз. Бас пен сирақтарды темір тістеріне кигізіп, айналдырып үйіткені бізге спектакль, өнеге, өнер болатын. Тіске келсек, Адамның, малдың, аңның ең мәкру жері - тіс, тіс қуыстары. Ол аксиома. Онда жиналған улы, зиянды, кесірлі микроорганизмдер бүкіл ағзаны улап, тамақ қуысынан

асқазанға, қанға - бойға тарап, кесірін тигізе береді. Қайнаған суда да елін жоймайтын бөле екенін бұрынғы қазақ білген. Ал кейбір заманауи ағайындардың ондай білімді менсінбей, шегіртке мен тарақан жейтін қытайдың асына аңсары ауып бара жатқаны жаңалық емес, айтарым сол - малдың жағын айырмай, тісін қақпай бас тартылмайды. Бұл талап - дала конституциясында қағазға емес, сүйекке, санаға жазылған заң.

Қазақтың бір туар батыр ұлы Бауыржан Момышұлының қонаққа бас тарту салтына қатысты келіні Зейнеп Ахметоваға айтқан ақпалы:

Біріншіден, есі дұрыс қазақтың әйелі қонаққа бас көтеріп кірмейді. Жаман-жақсы болсын бас иең аман. Екінші қателігі - басты шүйде жағымен әкелгенің. Қой шүйдесі емес, тұмсығын алға беріп жүреді. Үшінші қателігі - қойдың тісін қақпай әкелгенің. Бұл - ең алдымен, тазалық. Қой тісінің түбінде не жатқанын қайдан білесің?! Шөп жейтін, жем жейтін мал ғой. Содан кейін мұның екінші мағынасы бар. Қазір ұмытылған, көнекездер болмаса, айтпайын. Қазақтар - талай нәрсені ым, тұспал, ишара арқылы білдірген текті халық. Соның бірі осы қағылмаған тіске байланысты. Сыйласып жүрген екі адамның біреуі әлденеге ренжіп, бірақ соны «сөз көбейер» деп айта алмай жүрсе, өзі ренжіп жүрген адамы үйіне келгенде етпен бірге алдына тісі қағылмаған басты қояды. Сонда бас ұстаған адам: «Ө-ә, мынаның ішінде маған деген бір қыжылы бар екен, тісін басып жүріпті-ау», - деп ұға қояды. Ары қарай реністің түйінін шешіп, түсінісуге бет түзейді. Ал төртінші қателігі - басты қасқаламай әкелгенің. Талайлар мұның мәнін ұқпайды. Ол - «төрт құбылаң тең болсын, маңдайың ашық болсын» деген ізгі тілек...»

Зеріп Айтжанованың жазбасынан алынды

Құттықтау

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ, «ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ», ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, КЛАСС ЖЕТЕКШІМІЗ БОЛҒАН ПОЛИЦИЯ ПОЛКОВНИГІ, ЕҢБЕК АРДАГЕРІ ЕЛЕМЕС ЕРБАЗЫҰЛЫ ШОТАНОВҚА!

Қадірлі Елемес ағай!
 Біз Сізді келіп жеткен мерейлі 70 жасыңызбен құттықтаймыз!
 Сізге қуатты денсаулық, ұзақ ғұмыр, көрер қызығыңыздың мол болуын тілейміз! «Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы» дегендей, ел игілігі үшін ескелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде аянбай еткен еңбегіңізді үлкен мақтанышпен айтамыз! Мерейіңіз үстем болып, уәдір-қасиетіңіз биік болсын! Ұстазымыз Клара апаймен балаларыңыздың ортасыңда ұзақ ғұмыр сүріңіз!

Игі тілекпен, Н. К. Крупская атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің 1977-1978 оқу жылын бітірген 10 а класс түлектері.

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі тарапынан азаматтардың құқықтарымен мүдделерінің қорғалуына ерекше назар аударылады.

Агенттіктің Ақтөбе облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі - халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, сондай-ақ қызмет алушылардың құқықтарын қорғау және қалпына келтіру.

Осылайша, қызметті алушы Көлік құралдарын есептен шығару үшін Ақтөбе облысы бойынша Халыққа қызмет көрсету жөніндегі мамандандырылған орталығына жүгінді. Алайда, халыққа қызмет көрсету жөніндегі мамандандырылған орталықтың ақпараттық жүйесінде айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы ұйғарым пайда болғаннан кейін қызмет беруші мемлекеттік қызметті алудан бас тартты. Кейін, қызмет алушы мұндай жағдайға келіспей, Департаментке шағым жолдаған болатын. Шағым негізінде қызмет

берушіге қатысты жоспардан тыс тексеру ашылып, қорытындысы бойынша теміржол қозғалысы саласындағы қауіпсіздік сақталмаған кезде айыппұл түріндегі әкімшілік жаза қолданылғаны анықталды.

Дегенмен, мұндай жағдайда бас тартулар жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында төленбеген айыппұлдар болған жағдайда ғана берілуі тиіс.

Аталған жағдай ақпараттық жүйенің мемлекеттік қызметтің теріс нәтижесін беруіне әсер етті.

Департамент қызмет берушіге көлік құралдарын есептен шығару туралы ұсыным енгізіп, нәтижесінде көрсетілетін қызметті алушының бұзылған құқықтары толығымен қалпына келтірілді.

М. ШМАНОВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы.

ТІЛДІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



(ҒАЛЫМ РӘБИҒА СӘТІҒАЛИҚЫЗЫ СЫЗДЫҚТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ)

Әр арна өз ағысымен күшті, әр адам өз өмір ағысында жасаған игі істерімен күшті. Тарихта қалған, ұлықталатын тұлғаларымызды да елі мен жеріне жасаған еңбектері үшін мәңгі ұмытпайтынымыз хақ. Бүгінде туғанына 100 жыл болған қазақтың асыл қызы, өзіміздің жерлесіміз, біртуар ғалым, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сәтiғалиқызы Сыздықтың халқымыздың тіліне, тілі арқылы халық рухына, әдебиеті мен мәдениетіне көп еңбегі сiңдi. Рәбиға Сыздық 1924 жылы 17 тамыз күні осы киелi мекен, бәрімізге құт болған өлке Ойылда дүние есiгiн ашты. Осы қасиеттi топырақта кiндiк қаны тамған Ойылдың оймақтi қызы тiл ғылымының шыңына шығып, белесiн бағындырды, ұлт үшiн, ұлттың ұлы рухы – тiл үшiн қызмет қылды. Ойыл қалашығында қызметкер отбасында дүниеге келген ғалым апайымыздың өмiр жолы талай қиыншылықтар мен бұрылыстарға тап болды. Өмiрдiң әдiлетсiз тұсы да кішкене ғана қыздың жанына жұлмалай тидi. Жастайынан әкесiнен айрылып жетiм қалды. Әкесiнен айрылған себептi

де – сол заманның әдiлетсiз билiгi еш кiнесi жоқ жанды жазықсыз қуғындауында едi. Әкесi Құтқожин Сәтiғали – Батыс Қазақстан мен Ақтөбе облыстарының аудандарында пошта-телеграф сияқты байланыс бөлiмдерiнде жұмыс iстеген, Қаратөбеде, Ақтөбе облысының Ойыл, Байғанин, Темiр, Арал аудандарында байланыс бөлiмдерiн де басқарған. 1937 жылы НКВД органдары Сәтiғали Құтқожинды «жергiлiктi контрреволюциялық ұлтшыл, террорист, көтерiлiсшi, шпион, диверсант ұйымының жетекшiсi» деген жалған айып тағып, тұтқындап, сол жылдың қарашасында «үштiктiң» шешiмiмен ату жазасына кескен. Кейiн халық жауының қызы деген жалған айып – жас, кiшкентай қыздың мойнына себепсiз iлiнген шынжырдай болды. Ғалым апайымыздың арғы атасы да тарихта аты қалған тұлға болған екен. Оны өзі туралы деректерінде баяндайды. Арғы бабасы Сәмбет атасының атын Ығылманның «Исатай-Махамбет» поэмасынан табуымызға болады. Поэмада мынадай iзiндi бар: Алдымызда бар дейдi Сәмембет ысық, Шығанақ, Соған барсақ жайланып Шығармыз дедi кеңiске... Осы жердегi Сәмембет ысық – Рәбиға Сыздықтың арғы атасы. Оның батыр» титулы болған, әулетi – ұлдары көп, ауыл-елге беделдi болыпты. Апайымыз өз өмiрбаяны туралы естелiкте осы атасынан бастаған екен.

«Тектiден тектi туар, тектiлiк жолын қуар» деген халқымыздың сөзi жай айтылмаса керек. Ғалымның да асылдың сынығы екенi, тектiнiң ұрпағы екендiгiн сонау тарих көшiнен аңғарсақ болар. Ата-бабасы ұлт үшiн, халық үшiн қызмет етсе, iзiн жалғап ғалым

да ұлт үшiн, ұлтының негiзгi тiрегi «тiлi» үшiн қызмет еттi. Ғалымның керемет сөзi бар: «Тiл – алты-жетi қамалдың iшiндегi ең соңғы құлайтын қамал. Тiл құласа, ол тiл қызмет еткен, сол тiлмен бiрге аталып келген халық та құриды». Осы тiлдi зерттеп-тануда ғалымның тiл бiлiмi ғылымында бармаған сала жоқтың қасы десек те болады. Атап айтар болсақ, әдеби тiл, тiл тарихы, түркітану, тiл мәдениетi, қолданбалы лингвистика, Абай тiлi. Бұл салаларға қатысты құнды-құнды еңбектерi жарық көрдi. Сол еңбектерiнде көтерiлген мәселелер де, зерттелген, қарастырылған дүниелер де қазақ тiл бiлiмiнiң ауқымды әрi өзектiлiгiн жоймаған тақырыптары едi. Ғалымның қайсарлығын, қазақ қызына тән өткiр мiнездiлiгiн көрсететiн еңбегi – қазақ тiл бiлiмiнiң көмеңгерi, ағартушысы, қазақ жазуының реформаторы Ақымбет Байтұрсынұлының атын алғашқылардың бiрi болып атауында едi. Өлi коммунистiк күшiне мiнiп тұрған шағында былай сөз сөйлейдi: «Менiң қазiргi баяндамамда айтатын сөзiм көпшiлiктерiңiзге ұнамауы да мүмкiн. Бiрақ мен осы сөзiме коммунист ретiнде, ғалым ретiнде өзiм ғана жауап беремiн. Бiздiң айтып жүргенiмiз – қазақ тiл бiлiмi дегендi жасағандар – Ильминский, Мелиоранский, Радлов ... дегендер емес, оны жасаған Ахмет Байтұрсынұнов. ... Ғылым дегеннiң бiр синонимi – әдiлдiк, әдiлеттiлiк деп түсiнем.

Егер бiз әдiл болатын болсақ турасын айтуымыз керек. Бiздiң тiл бiлiмiздiң бастамасы – Ахмет Байтұрсынұнов. Осы сөзiме жауап беретiн – конференцияны басқарып отырған да, баяндаманы берген де адам емес, тыңдаған сiздер де емес – тек өзiм. Және

барлық жерде жауап берем», – деп бар жауапкершiлiктi өз мойнына алған ғалым Ахметтану жолына алғаш қадам басады.

Тiлдi жiлiктеп-зерттеген ғалымның жалпы жарыққа шыққан мақалалары мен еңбектерiнiң саны төрт жүзден асады. Ал редакциясымен басылып шыққан еңбектерi де аз емес, жалпы саны қырыққа жуық. Қаншама жетекшiлiгiмен докторлық диссертациялар мен кандидаттық диссертациялар қорғалды. Бұның өзi ғылым жолында артынан ерген шәкiрттерiнiң жоқ еместiгi, ғылымның шырағын сөндiрмей жалынды iзбасарларының қалуы.

Рәбиға Сыздықтың еңбектерi – тiл ғылымы үшiн ғана емес, тiл мамандары үшiн ғана емес, «тiлiм – дiңгегiм» дейтiн барша қазақ баласы үшiн таптырмас құрал. Быыл ғалым апайымыздың 100 жылдығы. Қазақтың қайсар қызының рухы пейiште болғай! «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейдi» деп қазақ бекерден бекер айтпаса керек. Рәбиға апайымыздың аты да, артынан қалған ғылыми мұрасы да өшпек емес. Сөздi кие деп ұққан апайымыздың өмiрi – халықтың рухы, ұлттың болмысы, қазақылығымыздың негiзi болған тiлдi зерттеумен өттi. Тiл болмаса бiз кiмге керектi?! Тiл болмаса халықтың өзi де сол тiлмен бiрге құрып кетпей ме?! Мiне, сонау тiлiмiз бен дiлiмiздiң, ұлттық рухымыздың өшкелi тұрған заманында сөнгелi тұрған шоқты қайта үрлеп маздатқан тiлшi ғалымдардың бiрi әрi бiрегейi – қазақтың қайсар қызы, Ойылдың жарық жұлдызы Рәбиға Сәтiғалиқызы Сыздық.

Адина ТИМУРОВА,
Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология факультетiнiң түлегi.

<p>Ақшатау орта мектебi ұжымы және бастауыш кәсiподақ ұйымы мектебiмiздiң кiшi қызметкерi Айсұлу Дүсiповаға енесi</p> <p>Үмбетова Ақырыстың</p> <p>қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңiл айтады.</p>
<p>Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсiподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының кiшi қызметкерi Айман Базароваға ардақты әкесi</p> <p>Құмардың</p> <p>қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңiл айтады.</p>
<p>Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсiподақ ұйымы</p> <p>Бердiкүл Тайбасұлының</p> <p>кенеттен қайтыс болуына байланысты Абдуллиндер отбасына және ағайын-туыстарына ағаларының қазасына орай, қайғысына ортақтасып, көңiл айтады.</p>